

**Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының жекелеген мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 13 шілде N 772. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 286 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.05.2017 № 286 қаулысымен.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою әрі өнеркәсіптегі еңбек қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі бірыңғай ғылыми-зерттеу жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Қазақ мемлекеттік тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу институты", "Химия, мұнай-химиясы, мұнай өңдеу микробиология, химиялық-фармацевтикалық және тамақ өнеркәсібі қауіпсіздігінің проблемалары жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу орталығы", "Түсті металлургия кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы", "Қара металлургия кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы", "Мұнай-газ өнеркәсібіндегі, мұнай және газ бойынша геологиядағы техникалық қауіпсіздік жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары оларды Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің "Өнеркәсіп қауіпсіздігі проблемалары жөніндегі ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні қауіпті өнеркәсіп объектілеріндегі өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі белгіленсін.

4. Қосымшаға сәйкес Кәсіпорынға еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 P981141_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік республикалық меншікте қалатын ұйымдардың, сондай-ақ тұрғын емес қор объектілерінің тізбесінде: реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің " Өнеркәсіп қауіпсіздігі проблемалары жөніндегі ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны".

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 13 шілдедегі
N 772 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің " Өнеркәсіп қауіпсіздігі проблемалары жөніндегі ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының
ТІЗБЕСІ**

1. Қазақ мемлекеттік тау-кен өнеркәсібіндегі жұмыстардың қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу институты Қарағанды қаласы

2. Химия, мұнай-химиясы, мұнай-газ өңдеу, микробиология, химиялық-фармацевтикалық және тамақ өнеркәсібі қауіпсіздігінің проблемалары жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу орталығы Шымкент қаласы

3. Түсті металлургия кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздігі жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы Өскемен қаласы

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.05.25. N 772 Қаулысымен.

5. Мұнай-газ өнеркәсібіндегі, мұнай және газ бойынша геологиядағы техникалық қауіпсіздік жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы Атырау қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК